

Olga B. Tapalova – Doctor of Psychological Sciences, Research Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: otapalova@gmail.com

Vitaly Klymchuk – PhD in Developmental and Educational Psychology, Postdoctoral Researcher at the University of Luxembourg, Luxembourg City, Luxembourg. E-mail: vitaly.klymchuk@gmail.com

Информация об авторах:

Жапаров Эльдар – автор для корреспонденции, докторант кафедры «Общей и прикладной психологии» Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан. E-mail: zhaparoveldar@gmail.com*

Тапалова Ольга Бисеновна - доктор психологических наук, профессор исследователь Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан E-mail: otapalova@gmail.com

Виталий Климчук - PhD в сфере психологии развития и образования, постдокторант-исследователь Университета Люксембурга, г. Люксембург, Люксембург. E-mail: vitaly.klymchuk@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер:

Жапаров Эльдар – хат-хабар авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: zhaparoveldar@gmail.com

Тапалова Ольга Бисеновна– психология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің зерттеуші профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: otapalova@gmail.com

Виталий Климчук – даму және білім беру психологиясы саласындағы PhD, Люксембург университетінің постдокторант-зерттеушісі, Люксембург қ., Люксембург. E-mail: vitaly.klymchuk@gmail.com

FTAXP: 15.21.51

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.027>

К.Ж. Бейсембай*¹ , А.А. Хананян¹ 

¹«Тұран» университеті, (Алматы қ., Қазақстан)

*E-mail: kshogalova@mail.ru

Жүкті әйелдердің ана болу мотивациясының психологиялық рөлі

Аңдатпа

Бұл мақалада жүкті әйелдердің ана болу мотивациясының типтік деңгейлері, жастарына байланысты мотивациялық типтері зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – жүкті әйелдердің ана болу мотивациясының психологиялық рөлін анықтау. Сыналушылардың ана болу мотивациясының репродуктивтік типтері: конструктивті, деструктивті, сыртқы мотивацияларының деңгейлері мен көрсеткіштері салыстырылып, статистикалық талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ана болу мотивациясының репродуктивтік типтері жүкті әйелдердің жасына айтарлықтай тәуелді емес екенін көрсетті. Статистикалық талдау үшін SPSS бағдарламасында сипаттамалық талдау, бірфакторлы дисперсиялық талдауға арналған Краскала — Уоллистің критерийі қолданылды. Зерттеу барысында жүкті әйелдердің балалы болуға шынайы ниеттерін анықтауға бағытталған И.С. Морозова, К.Н. Белога, т.б. ғалымдардың авторлығымен ұсынылған «Репродуктивті мотивтер» сауалнамасы қолданылды. Бұл нәтижелер жүкті әйелдердің балалы болуға шынайы ниеттерін, мотивациясының репродуктивтілігін тереңірек түсінуге және денсаулық сақтау мен психологиялық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеуде ана болуды баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ғалымдардың тұжырымдарына талдаулар жасалды (Ю.И. Шмурак, Р.Д.Санжаева, О.Н. Чучалова, Г.Г. Филиппова және т.б.)

Түйін сөздер: Жүктілік, мотивация, ана болуға психологиялық дайындық, ана болу мотивациясы, конструктивті мотивация, деструктивті мотивация.

Бейсембай К.Ж. ^{*1}, Хананян А.А. ²

¹ Университет «Туран», (г. Алматы, Казахстан)

*E-mail: kshogalova@mail.ru

Психологическая роль мотивации к материнству у беременных женщин

Аннотация

В данной статье рассматриваются типичные уровни мотивации к материнству у беременных женщин, типы мотивации в зависимости от их возраста. Цель исследования – определить психологическую роль мотивации к материнству у беременных женщин. Сравнивались уровни и показатели репродуктивных типов мотивации к материнству испытуемых: конструктивная, деструктивная, внешняя мотивация, проводился статистический анализ. Результаты исследования показали, что репродуктивные типы мотивации к материнству существенно не зависят от возраста беременных женщин. Для статистического анализа использовался описательный анализ в программе SPSS, а для однофакторного дисперсионного анализа применялся критерий Краскала-Уоллиса. В исследовании использовался опросник «Репродуктивные мотивы», разработанный учеными И. С. Морозовой, К. Н. Белогой и др., направленный на определение истинных намерений беременных женщин иметь детей. Полученные результаты позволяют лучше понять истинные намерения беременных женщин иметь детей, их репродуктивную мотивацию, а также использовать их в медицинской и психологической практике. В исследовании проанализированы выводы ученых, стремившихся обеспечить гармоничное развитие ребенка через материнство (Ю.И. Шмурак, Р.Д. Санжаева, О.Н. Чучалова, Г.Г. Филиппова и др.).

Ключевые слова: Беременность, мотивация, психологическая подготовка к материнству, мотивация к материнству, конструктивная мотивация, деструктивная мотивация.

Beisembay K. Zh. ^{*1}, Khananyan A.A. ¹

¹ «Turan» university, Almaty, Kazakhstan

*E-mail: kshogalova@mail.ru

Psychological role of motivation for motherhood in pregnant women

Abstract

This article examines typical levels of motivation for motherhood among pregnant women and types of motivation depending on their age. The research aim is to determine the psychological role of motivation for motherhood in pregnant women. Levels and indicators of reproductive types of maternal motivation—constructive, destructive, and external motivation—were compared, and statistical analysis was conducted. The results showed that reproductive types of motivation for motherhood do not significantly depend on the age of the pregnant women. For statistical analysis, descriptive analysis was performed using SPSS software, and the Kruskal-Wallis test was applied for one-way analysis of variance. The study utilized the "Reproductive Motives" questionnaire developed by researchers I.S. Morozova, K.N. Beloga, et al., aimed at identifying the true intentions of pregnant women regarding having children. The findings provide a better understanding of the true intentions of pregnant women and their reproductive motivation, facilitating their application in medical and psychological practice. The study also analyzes the conclusions of scholars seeking to ensure the harmonious development of the child through motherhood (Yu.I. Shmurak, R.D. Sanzhayeva, O.N. Chuchalova, G.G. Filippova, et al.).

Keywords: Pregnancy, motivation, psychological preparation for motherhood, maternal motivation, constructive motivation, destructive motivation.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында ана болу мемлекетпен қорғалып, мадақталады. Ұлт саулығы басты құндылық ретінде бағаланатындықтан елімізде ана мен бала денсаулығын қорғауға баса көңіл бөлінеді.

Жүктілік — бұл әйел ағзасындағы күрделі психологиялық үрдіс. Жүктілік кезінде ағза қайта құрылымдауға ұшырайды, функционалдық жүйелер мен органдар басқаша жұмыс істей бастайды. Ана болуға психологиялық дайындық — бұл ортасы құрсақтағы балаға субъект-субъект қатынасы болып табылатын ерекше тұлғалық қалыптасу [1].

Ана болуға психологиялық дайындық биологиялық, әлеуметтік және психологиялық факторлардың ықпалымен қалыптасады. Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, бала туылғаннан кейінгі әйелдің мінез-құлқы, оның балаға деген эмоциялық комфорт сезімін қамтамасыз ету қабілеті әйелдің ана болуға психологиялық дайындығына тікелей байланысты [1]. Жүкті әйелдерді бала тууға психологиялық дайындау жұмыстары ана болуға психологиялық дайындық деңгейіне әсер етеді. Ана болуға психологиялық дайындықты қалыптастыруда күрделі психологиялық құбылыстардың бірі болып табылатын мотивациялық компоненттің алатын орыны ерекше. Өйткені мотивация — ұғымы өте кең ауқымды: «ниет», «жеткізу», «үлес», «жігерлендіру», «ынта» сияқты сөздердің мағыналарынан тұрады. Ана болуға мотивациялық дайындықтың психологиялық жүйесі әйел мақсаттарының бірі — ана болу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті құрамдас бөліктерден тұрады. Мотивациялық дайындық психологиялық дайындықтың барлық құрылымынан ерекшеленеді, өйткені кез келген әрекет мотивпен және мағынамен байланысты. Сухомлинский В.А. «Егер сен жер бетінде із қалдырғың келсе, үлкен жазушы немесе ғалым болудың қажеті жоқ... Жақсы балаларды тәрбиелеу арқылы өзіңді қоғамда орнықтыруға болады...» деген. Сондықтан адам үшін баланы дүниеге әкелу, өсіріп жеткізу үлкен міндет. Ю. И.Шмурак «саналы» ата-аналар мен саналы туылған балаларға «сұраныс» туындағанын айтады. Соңғы жылдары зерттеушілер арасында ана мәселесіне қызығушылықтың айтарлықтай артуына қарамастан, психологиялық әдебиеттерді талдау психология ғылымындағы ана болу ұғымының елеулі белгісіздігін көрсетті.

Біз өз зерттеуімізде ана болуды баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әрекет ретінде түсінуді ұсынамыз. Леонтьев бойынша бұл қызметтің құрылымы сыртқы (әрекеттер, операциялар) және ішкі (мотивтер, мақсаттар, міндеттер) құрамдас бөліктерге бөлінеді. Көптеген ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдар ана болудың сыртқы аспектілеріне назар аударған. Ал ана болудың ішкі құрамдас бөлігі, әсіресе оның мотивациялық өлшемі әлі де аз зерттелген және дамымағанын байқатады.

Зерттеудің мақсаты — жүкті әйелдердің ана болу мотивациясының психологиялық рөлін анықтау.

Сондықтан да біздің зерттеуіміз қоғам үшін, әр отбасы үшін, жүкті әйелдер үшін өзекті тақырып бола алады.

Материалдар мен әдістер. Әрбір әйел үшін өзін ана ретінде түсіну оның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Аналық бейнеқосылғылар болашақ ана баласы құрсағына біткен кезде де пайда болады. Оның жеке басына, мінез-құлқына, өмір салтына және басқа да көптеген факторларға байланысты әр әйелдің аналық сезімі әртүрлі және әртүрлі уақытта пайда болады. Кейбір әйелдер сабырлы болады, тіпті айналасындағылардың бәріне немқұрайлы қарайды; олар алдағы маңызды оқиға туралы ойларға толығымен берілген. Басқа әйелдер, керісінше, айналасында болып жатқан барлық нәрселерге белсенді қызығушылық танытады, мүмкіндігінше жаңа ақпарат алу үшін бір сәтті жіберіп алмайды. Босану сәтіне дейін белсенді жұмыс істейтін әйелдер бар. Баланың тууы - әрбір әйелдің өміріндегі ең маңызды және маңызды оқиға [1].

Ең алдымен мотивация ұғымына тоқтала кетсек. Мотивация — бұл адамды белгілі бір әрекетке мәжбүрлейтін ішкі және сыртқы мотивтер жүйесі. Мотивация біздің мүдделеріміз бен қажеттіліктерімізге байланысты. Ол адамның ұмтылысын анықтайды және сонымен бірге ол әрекетті ынталандыратын, содан кейін оны нәтижеге итермелеуші қажеттілікті сезінетін, психофизиологиялық қасиеттермен байланысты [2].

Р.Д.Санжаева мотивациялық дайындықты процессуалдық-динамикалық құбылыс және «әрекет етуші тұлғаның белсенділікті түрлендіруге дайындығы», тұлға үшін бірінші кезектегі маңызы бар және осы трансформацияға әсер ететін ақпаратты қабылдау кезіндегі мотивтердің түрленуін «белсенділікті анықтаушы» ретінде қарастырады [3, с.8, 15].

О.Н. Чучалова мотивациялық дайындықты адам мүмкіндіктерін, қоршаған орта факторларын және адамның белсенді әрекетке дайындығын біріктіретін компонент ретінде көрсетеді. Автор интенционалдылықты адамның өмірдің нақты жағдайындағы дүниеге бағдарлануы және әлеммен өзара әрекеттесу кезінде өзін-өзі жүзеге асыруға белгілі бір дайындығын болжайтын негізгі бағыт ретінде анықтайды [4, с. 21-22].

Г.Г. Филиппованың айтуынша, мотивация ана болуға дайындықтың құрамдас бөлігі, және бала мақсатқа жету құралы емес өз алдына құндылық болып есептелетін мотивацияны позитивті санауға болады деген [5]. Ана болу мінез-құлқының мотивациялық негізі әйелдің бүкіл өмірінде қолайлы, қолайсыз факторлардың және баланың тууы әйел өміріндегі мәндер иерархиясында алатын орнының әсерінен қалыптасады, яғни баланың туылу мотивациясы әйелдің аналық әлауқаты және оның жүзеге асырылуымен анықталады.

Балалы болу мотивациясы балалы болуға оң немесе теріс әсер ету тенденциясы ретінде қарастырылады және әртүрлі факторлармен байланысады. Сонымен қатар, балалы болу қарым-қатынасқа, өмір салтына және отбасының экономикалық жағдайына әсер ететін ата-ананың жауапкершілігі мен аналық белсенділігіне байланысты [5]. Дәстүр бойынша, репродуктивті мотивтерді зерттегенде, мотивтердің жалпы отбасы жүйесі үшін және әсіресе ана мен бала үшін атқаратын рөліне сүйене отырып, конструктивті және деструктивті мотивтер деп бөлуге болады.

Шетелдік психологияда бала тууға мотивацияның өлшемдері де қарастырылады: оң және теріс, бұл жай қарсылық емес, адамдарды бала тууға немесе одан аулақ болуға бағытталған әртүрлі әрекеттерге шақырады.

Репродуктивті ниеттер мен жүктілікті дәл болжау халық санын айқындау, ана мен бала денсаулығын қолдау, сондай-ақ ұлттық ресурстарды бағалау үшін өте маңызды (Шреффлер, 2024). Мінез-құлық теорияларын қолдана отырып, бала туу көрсеткіштеріне қатысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Репродуктивті ниеттер мен баланың дүниеге келу ықтималдығы арасында тығыз байланыс бар екені анықталды (Шен және т.б., 1999; Шреффлер және т.б., 2016). Дегенмен, репродуктивті ниеттер жеке деңгейде де, агрегацияланған деңгейде де нақты немесе аяқталған туу көрсеткіштеріне қатысты дәйекті болжамдар бере алмайды (Божуан және Бергхаммер, 2019; Квеснель-Валле және Морган, 2003; Шреффлер, 2024). Репродуктивті ниеттер негізінде бала туу нәтижелерін болжаудағы сәйкессіздіктер баланың дүниеге келу ықтималдығын болжау үшін тек репродуктивті ниет көрсеткіштерін қолданудың орындылығына қатысты сұрақтар туғызды (Бонгаартс, 2001). Ана болуға деген мотивациялық түсініктер немесе баланың құндылығы балалы болу ниеті пайда болғанға дейін қалыптасады деп есептеледі (Миллер, 2012), бірақ олардың арасындағы күшті корреляцияға қарамастан, бұл ұғымдар екі бөлек конструкт болып табылады (Маккуиллан және т.б., 2015) [6].

Зерттеушілер кейде барлық әйелдердің нақты ниеттері бар деп болжайды, бірақ көптеген әйелдер өз ниеттеріне сенімсіз немесе екіұшты сезімде болады (Бернарди және т.б., 2015; Кост пен Линдберг, 2015). Өз ниеттеріне сенімсіздік білдіретін әйелдер ниеттерін өзгерту процесінде болуы мүмкін (Лиффландер және т.б., 2007) немесе өз фертильділігіне қатысты мақсаттары айқын болмауы мүмкін (Маккуиллан және т.б., 2011). Артықшылықтарды қалыптастыру теориясы (Ни Бхрлхайн және Божуан, 2015) әйелдер өздерінің репродуктивті таңдауларын сауалнама жүргізілген сәттегі ағымдағы жағдайларына қарай қалыптастырады деп болжайды, бұл белгісіздік пен өзгеретін талғамдардың кең таралғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта репродуктивті мінез-құлық туралы сауалнамаларға өз ниеттеріне деген сенімділік туралы сұрақтар жиі енгізіледі (Бахрах пен Ньюкомер, 1999; Сантелли және т.б., 2009) және бұл сенімділік көрсеткіштері кейінгі репродуктивті мінез-құлықтың күшті болжаушылары (предикторлары) болып табылады (Спедер мен Капитани, 2009) [7].

«Ата-ана болу кезеңіне өтпелі кезеңдегі мотивациялық процестердің рөлін зерттеу туралы үндеулер айтылғанымен (мысалы, Nelson, Kushlev, & Lyubomirsky, 2014) және адамдардың ата-ана болу мотивациясы бойынша бір-бірінен ерекшеленетіні белгілі болса да (Gauthier, Senécal, & Guay, 2007), бұл тақырыптағы эмпирикалық зерттеулер өте шектеулі».

Зерттеулердің тағы бір бағыты адамдардың неліктен балалы болғысы келетініне назар аударады. Экономикалық және демографиялық зерттеулер көбінесе балалы болумен байланысты шығындар мен пайданы қарастырады (Морган және Кинг, 2001; Шен және т.б., 1997). Табысы жоғары елдерде баламалы шығындардың жоғары болуы (мысалы, еңбек нарығынан тыс өткізілген уақыт, бала күтімі) туу көрсеткішінің төмендеуіне ықпал етеді (Герсон, 2009; Миллс және т.б., 2011). Дегенмен, бала тәрбиелеуге байланысты экономикалық қиындықтарға қарамас-тан, адамдардың көпшілігі әлі де кемінде екі балалы болуды қалайды (Морган және Ракин, 2010). Зерттеушілер бала асыраудың жоғары шығындары мен балалы болуға деген жоғары ықылас арасындағы айқын сәйкессіздікті түсіндіруге тырысуда (Морган және Кинг, 2001). Эдин мен Кефалас (2005), афроамерикандық және латиноамерикандық жалғызбасты аналарды зерттей отырып, ана болу туралы шешім тек қаржылық есептеулерге немесе неке туралы нормативтік түсініктерге негізделмейтінін, сонымен қатар басқа да маңызды әлеуметтік мағыналарды, тілектер мен ұстанымдарды көрсететінін алға тартады [8].

Мотивациялық процестердің динамикалық сипаты олардың тұрақты ғылыми зерттелу қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, мотивацияны қызықты алдын алу мен психокоррекциялық бағдарламаларды ұсына отырып, практикалық маңызды.

Жүктілік – бұл әйелдің тұлғалық дамуындағы маңызды кезең, тұлға ішілік қақтығыстармен бірге жүруі мүмкін өмірлік перспективаларды байыпты қайта қарау кезеңі екені белгілі. Орын алған өзгерістердің көрсеткіші әйелдің репродуктивті мотивациясы болуы мүмкін.

Репродуктивті мотивациялар жеке тұлғаны баланың туылуынан туындаған әртүрлі мағыналар мен мақсаттарға жетуге ынталандыратын сыртқы және ішкі қозғаушы күштердің жиынтығы ретінде түсініледі. Мақсаттар мен мотивтер бір-біріне тәуелді және жүкті әйелдің жеке басының өзегі ретінде жеке тұлғаның құндылық бағдарлар жүйесімен қалыптасады [10].

Әртүрлі репродуктивті мотивациялар конструктивті де, деструктивті де сипатта болуы мүмкін деп есептеледі [9].

Конструктивтік белгілерге отбасы жүйесіне жату тәсілі ретінде жүктілікті бастан кешіру; оның бірегейлігін ескере отырып, басқа адамға өмір беруге ұмтылу; ерлі-зайыптылардың балалы болу тілегін білдіруі; әйелдің ана болуға психофизиологиялық дайындығын ескере отырып, ана болуға ұмтылу; балаға қамқорлық жасау және ана болу бақытын сезіну қажеттілігі. Деструктивті репродуктивті мотивациялар жалғыздықтан аулақ болуға ұмтылу ретінде жүктілікке деген көзқараста көрінеді; ананың арманын орындайтын болмыстың болуы; өзіне деген сүйіспеншілік тапшылығын азайту тәсілі; қарым-қатынасты сақтау және некедегі серіктесті сақтау тәсілі; әлеуметтік үміттерді ақтау; ата-аналық отбасынан тәуелсіздік алу; некені заңдастыру мүмкіндігі; әлеуметтік және материалдық игіліктердің шарты; өткеннен немесе қазіргіден бас тарту; өз денсаулығын сақтау [9].

Сонымен қатар, бала туудың себептері әйелдің қол жеткізуге ұмтылатын мақсаттарына байланысты өзгеруі мүмкін: экономикалық, әлеуметтік немесе психологиялық. Ата-аналық мотивацияның айырмашылығын зерттеу сияқты ата-ана болуға байланысты мотивтер зерттеушілердің назарында болады. Бала тууға мотивация бала тууға оң немесе теріс әсер ету тенденциясы ретінде қарастырылады және әртүрлі факторлармен байланысты. Сонымен қатар, бала туу қарым-қатынастарға, өмір салтына және отбасының экономикалық құрамдас бөлігіне әсер ететін жауапты және тартылған ата-ана мен байланысты.

Әдеби шолу нәтижелері танымдық процестердің тұрақты және өзгермелі компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені зерттеудің маңыздылығы болашақ ана мен баланың денсаулығын сақтау қажеттілігіне байланысты.

Нәтижелер мен талқылаулар. Зерттеу барысында біз 25-30 жас аралығындағы жүкті әйелдердің ана болудың мотивациялық типтерін зерттедік. Зерттеуге 90 жүкті әйел қатысты. Ана болудың мотивациялық типтерінің жалпы көрсеткіші бойынша SPSS бағдарламасында сипаттамалық талдау жасалды.

Зерттеуде 90 респонденттің жасына байланысты топтастырылған сыналушылардың ана болу мотивациясының типтері бойынша көрсеткіштерін салыстыруға мән бердік. Сыналушыларды жасына байланысты 25-26,27-28,29-30 жас аралығында топтастырылды. Статистикалық талдау үшін бірфакторлы дисперсиялық талдауға арналған Краскала — Уоллистің критерийі қолданылды. Зерттеу барысында жүкті әйелдердің балалы болуға шынайы ниеттерін анықтауға бағытталған И. С. Морозова, К. Н. Белога, т.б. ғалымдардың [11] авторлығымен ұсынылған «Репродуктивті мотивтер» сауалнамасы қолданылды. Бұл сауалнама мотивацияның қаншалықты конструктивті (баланың дамуына бағытталған) немесе деструктивті (аналардың жеке өз мәселелеріне бағытталуы) екенін түсінуге көмектеседі. Зерттеу негізінде сыналушылардың мотивациялық типтері жастарына байланысты салыстырылды. Негізгі өлшемдер ретінде конструктивті, деструктивті, экономикалық-әлеуметтік типтер қарастырылды. Бұл көрсеткіштер Краскала — Уоллистің критерийі арқылы статистикалық тұрғыдан талданды.

Әдіс бойынша нәтиже талдауын көрсете кетсек:

- Конструктивті мотивтердің басым болуы: Ана болуға психологиялық дайындығын және ата-ана мен бала қарым-қатынасының дамуының қолайлы болжамын көрсетеді.

- Деструктивті мотивтердің басым болуы: Ішкі қайшылықтардың белгісі. Бала проблеманы шешудің «құралына» айналмауы үшін бұл қорқыныштарды психологпен талқылау ұсынылады.

Енді ана болудың мотивациялық типтерінің жалпы көрсеткіші бойынша SPSS бағдарламасында сипаттамалық талдауын ашып көрсетеміз. Төмендегі 1-кестеде сыналушылардың ана болудың мотивациялық типтері бойынша жалпы көрсеткіштері көрнекі түрде берілген.

Кесте 1. Ана болудың мотивациялық типі бойынша деңгейлік көрсеткіштері (n=90)

Мотивация типі	Орташа (М)	Басым баллдар диапазоны
Конструктивті	15,67	16,00 – 20,00 (48,9%)
Деструктивті	9,44	4,00 – 8,00 (53,3%)
Сыртқы	7,61	3,00 – 7,00 (51,1%)

90 респондент бойынша зерттеуден алынған нәтижелер көрсеткіштерін талдаймыз. Конструктивті мотивация: Бірінші таңдау басымдық көрсетті. Модальдік мәні 20 баллды құрады, яғни сыналушылардың 18,9 % таңдады, ал жүкті әйелдердің 80% 13 баллдан жоғары көрсеткішті көрсетті. Бұл көрсеткіш ана болуға деген саналы ұмтылысты білдіреді.

Деструктивті мотивация: төмен мәнді көрсеткен. Сыналушылардың 26,7% -да жиі кездескен балл 4,0 болды. Бұл жағымсыз бағдар деңгейінің төмендігін білдіретін қолайлы көрсеткіш.

Сыртқы мотивация (экономикалық-әлеуметтік): Ең төмен көрсеткіш М=7,61 тең. Жүкті әйелдердің 51,1%-да сыртқы факторлар (әлеуметтік қысым, материалдық стимулдар) минималды мәнге, яғни баллмен көрсеткенде 3-тен 7-і баллды көрсетті.

Кесте 2. Сыналушылардың ана болу мотивациясының типтері бойынша жастарына байланысты статистикалық көрсеткіштері (Краскала — Уоллистің критерийі)

Тәуелді айнымалы	Критерий статистикасы	Еркіндік дәрежесі	Асимптотикалық маңыздылық
Конструктивті мотивация	0,752	2	0,686
Деструктивті мотивация	3,776	2	0,151
Сыртқы мотивация	2,107	2	0,349

Талдау жүкті әйелдердің ана болудың үш мотивациялық типі бойынша жүргізілді: Анализ конструктивті мотивация, деструктивті мотивация және сыртқы мотивация. Зерттеуден алынған мәліметтерді статистикалық талдау барысында респонденттердің жасында ана болудың мотивациялық типтеріне маңызды статистикалық әсері анықталмады ($p > 0,05$ барлық көрсеткіштер үшін).

Конструктивная мотивация $p = 0,686$ болғандағы мән деңгейінің жоғары болуы таңдаудың бір жақтылығын білдіреді. 25 жастағы топтар сияқты 30 жастағы топтарда ұқсас мәнге ие, ана болу және ана рөлін саналы қабылдайтындығы байқалды. Бұл 25-30 жаста ана болуға ішкі талпыныстың қалыптасқандығын және тұрақтылығын білдіреді.

Деструктивная мотивация $p = 0,151$ -ге тең көрсеткіш шекаралыққа жақын, дегенмен маңызды мәнділікті көрсетпеді. Бұл бостандықты жоғалтуға немесе әлеуметтік мәртебенің өзгеруіне байланысты қорқыныштар зерттеу үлгісінде әртүрлі жастағы әйелдерде бірдей болатынын білдіреді. Орташа дәрежедегі шамалы ауытқулар деструктивті көзқарастардың жас ерекшелігі туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Сыртқы мотивация $p = 0,349$ тең. Әлеуметтік қысымға, отбасылық кеңестерге немесе қаржылық ынталандыруға назар аудару да біркелкі бөлінеді. Бала туу туралы шешім қабылдауда жасына қарамастан, сыртқы факторлар шамалы немесе ұқсас рөл атқарады.

Жастық динамика бойынша 90 респонденттердің жастарындағы баллдарға жеке талдау жа жасай келіп жасы ұлғайған сайын саналы мотивацияның айқын тенденциясы байқалады. Ең төменгі орташа балл 25-28 жас тобында (26,44) тіркелсе, 30 жасқа қарай көрсеткіш максимумға (30,0) жетеді. 30 жас тобындағылар абсолютті мотивация баллын және нөлдік өзгермелілігін көрсетеді ($SD=0$). Бұл анаға деген психологиялық қатынастың жақсы дамыған және тұрақтылығын көрсетеді. Қазақстандық үлгіде бұл жастағы жүктілік көбінесе жоспарлы және көптен күткен. 25-28 жас тобы: Салыстырмалы түрде жоғары ұпайларға қарамастан, бұл топ жауаптардың ең үлкен ауқымын көрсетті. Бұл осы жаста әйелдердің рөлдік қақтығыстарға жиі ұшырауымен байланысты болуы мүмкін (мансап/оқу және ана болу).

Жүктілік кезіндегі репродуктивті мотивтерді психологиялық бағалау әйелді жүктілікті жалғастыруға итермелеген шынайы себептерді, мотивтерді және жағдайларды анықтау және мамандардың жүкті әйелдің психологиялық жай-күйі мен тұлғалық қасиеттері, сондай-ақ оның туылмаған балаға қатынасы туралы түсініктерін кеңейту үшін қажет. Бұл аспект деструктивті репродуктивті мотивтерді кейіннен уақтылы психологиялық түзету үшін шешуші болып табылады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, ізденіс аясында жүкті әйелдердің ана болу мотивациясының типтері бойынша SPSS бағдарламасында сипаттамалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері ана болудың мотивациялық типтерінің деңгейін, жастарына байланысты ана болудың мотивациялық типтерінің сапалық көрсеткіштерін айқындап берді. Ана болу үшін адекватты емес мотивтерді ерте анықтау, дұрыс басымдық беру (дені сау бала немесе қоғамның пікірі), тіпті жүктілікті жоспарлау кезеңінде де қажетті психологиялық қолдаудың көрсеткіштері мен көлемін анықтау патологиялық жүктіліктің жиілігін азайтады және дені сау жаңа туған нәрестелердің пайызын арттырады.

Сонымен ана болу мотивациясының психологиялық рөлі әйелдің өзгерістерге ішкі дайындығын қамтамасыз етуде жатыр. Зерттеу Қазақстандағы жүкті әйелдердің мотивациялық сферасы 25-33 жас аралығындағы жас шамасының ауытқуларынан тұтастығымен, хабардарлығымен және тәуелсіздігімен сипатталатынын растады. Бұл болашақ аналардың жоғары бейімделу қабілеті мен психологиялық жетілгендігін көрсетеді.

Тұтастай алғанда, жүргізілген ізденіс ана болу мотивациясының жас ерекшеліктеріне тәуелсіз екенін, ал жекелеген мотивтердің өмірлік тәжірибе жинақтау барысында жетілетінін дәлелдейді. Алынған нәтижелер жүктілік кезеңіндегі әйелдің психологиялық жай-күйін түсіну, ана мен бала арасындағы алғашқы байланыстың қалыптасуын зерттеу үшін перинаталдық психология, 25-30 жас аралығындағы әйелдердің тұлғалық дамуы мен құндылықтар жүйесінің

тұрақтылығын дәлелдеу үшін жас ерекшеліктері психологиясы, отбасын жоспарлау, ерлі-зайыптылардың жаңа әлеуметтік рөлдерге бейімделуі мен репродуктивті мінез-құлық мотивациясын талдау үшін отбасы психологиясы, қазіргі қоғамдағы әйел мәртебесі мен ана болуға деген әлеуметтік қысымның (сыртқы мотивацияның) нақты әсерін бағалау үшін әлеуметтік психология салалары үшін жоғары теориялық әрі тәжірибелік маңызға ие. Алдағы уақытта ана болудың мотивациялық рөлін зерделеу мақсатында кешенді эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды, еліміздің ана мен баланы қолдаудағы іс-шаралары оң нәтиже беріп жатқанын зерттеудің нәтижелерінен көруге болады. Осы көзқараста психологиялық қолдауды да күшейтуде психокоррекциялық бағдарламалар құрастыру маңызды.

Бұл зерттеу жүкті әйелдердің пренаталдық кезеңдегі психологиялық әл-ауқаты үшін балалы болу мотивтерінің маңыздылығын растады. Жүктілік кезінде тиесілілік сезімін және жеке таңдауды (қысымға немесе мотивацияның толық болмауына қарсы) сезінетін әйелдер психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру, жеке әл-ауқат және қарым-қатынас сапасы тұрғысынан жақсы нәтиже көрсетеді.

Алғыс. Авторлар зерттеуге қатысқан жүкті әйелдерге және зерттеу жұмысының ұйымдас-тырылуына қолдау көрсеткен мамандарға алғыс білдіреді. Зерттеу перинаталдық психология және ана болуға психологиялық дайындық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу аясында жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Гаврилова А. М., Пеньков В. Е. Психологическая готовность к материнству // Вестник научных конференций. 2020. № 3–2 (55). С. 58–60.
2. Суровицкая, Ю.Ю. Понятие о мотивации в психологии / Ю.Ю. Суровицкая, М.Н. Мадимухаметов // Наука и реальность. - 2023. - № 1 (13). - С. 36–40.
3. Санжаева Р.Д. Готовность и ее психологические механизмы [Электронный ресурс] / Р.Д. Санжаева // Научные журналы Бурятского государственного университета. –URL: <http://journals.bsu.ru/ru/journals/vestniki/education/21/200> (дата обращения: 20.03.2017)
4. Чучалова, О.Н. Мотивационная готовность и самореализация интеллектуальных способностей [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук : 19.00.13 / Чучалова, Ольга Николаевна. Томск, 2015. – 24 с. – URL: <http://www.dslib.net/obwaja-psixologia/motivacionnaja-gotovnost-k-samorealizacii-intellektualnyh-sposobnostej.html> (дата обращения: 25.04.2017).
5. Филиппова Г. Г. Психология материнства: Учебное пособие. М.: Изд-во Института Психотерапии, 2012. 240 с.
6. References Ajzen, I., & Klobas, J. (2013). Fertility intentions: An approach based on the theory of planned behavior. *Demographic Research*, 29, 203–232. Bachrach, C. A., & Morgan, S. P. (2013). A cognitive–social model of fertility intentions. *Population and Development Review*, 39(3), 459–485. <https://doi.org/10.1111/>
7. Bachrach, C. A., & Newcomer, S. (1999). Intended pregnancies and unintended pregnancies: Distinct categories or opposite ends of a continuum? *Family Planning Perspectives*, 31(5), 251–252. <https://doi.org/10.2307/2991577>
8. Beaujouan, E., & Berghammer, C. (2019). The gap between lifetime fertility intentions and completed fertility in Europe and the United States: A cohort approach. *Population Research and Policy Review*, 38(4), 507–535. <https://doi.org/10.1007/s11113-019-09516-3>
9. Коваленко Э. М., Касимова С. Г. Мотивационная готовность к материнству // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 29. – С. 308–313. – URL: <http://e-koncept.ru/2017/770868.htm>
10. Мецзякова С.Ю. Психологическая готовность к материнству // Вопросы психологии. - 2000. - N 5..
11. Морозова И.С., Белогай К.Н., Борисенко Ю.В. [и др.]. Апробация опросника «Репродуктивные мотивы» // Вестник Кемер. гос. ун-та. – 2014. – № 3 (59), Т. 3.

References

1. Gavrilova A. M., Penkov V. E. *Psikhologicheskaya gotovnost k materinstvu* [Psychological readiness for motherhood]. *Vestnik nauchnykh konferentsiy*. 2020. No. 3–2 (55). pp. 58–60.
2. Surovitskaya, Yu.Yu. *Ponyatiye o motivatsii v psikhologii* [The concept of motivation in psychology] / Yu.Yu. Surovitskaya, M.N. Madimukhametov // *Nauka i realnost*. - 2023. - No. 1 (13). - pp. 36–40.
3. Sanzhayeva R.D. *Gotovnost i ee psikhologicheskiye mekhanizmy* [Readiness and its psychological mechanisms] / R.D. Sanzhayeva // *Nauchnyye zhurnaly Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta*. URL: <http://journals.bsu.ru/ru/journals/vestniki/education/21/200>
4. Chuchalova, O.N. *Motivatsionnaya gotovnost i samorealizatsiya intellektualnykh sposobnostey* [Motivational readiness and self-realization of intellectual abilities]: avtoref. dis. ... kand. psikhol. nauk. Tomsk, 2015. 24 p. <http://www.dslib.net/obwaja-psixologia/motivacionnaya-gotovnost-k-samorealizacii-intellektualnyh-sposobnostej.html>
5. Filippova G. G. *Psikhologiya materinstva: Uchebnoye posobiye* [Psychology of motherhood: Textbook]. Moscow: Izd-vo Instituta Psikhoterapii, 2012. 240 p.
6. Ajzen, I., & Klobas, J. (2013). Fertility intentions: An approach based on the theory of planned behavior. *Demographic Research*, 29, 203–232. <https://doi.org/10.1111/>
7. Bachrach, C. A., & Morgan, S. P. (2013). A cognitive–social model of fertility intentions. *Population and Development Review*, 39(3), 459–485.
8. Bachrach, C. A., & Newcomer, S. (1999). Intended pregnancies and unintended pregnancies: Distinct categories or opposite ends of a continuum? *Family Planning Perspectives*, 31(5), 251–252. <https://doi.org/10.2307/2991577>
9. Beaujouan, E., & Berghammer, C. (2019). The gap between lifetime fertility intentions and completed fertility in Europe and the United States: A cohort approach. *Population Research and Policy Review*, 38(4), 507–535. <https://doi.org/10.1007/s11113-019-09516-3>
10. Kovalenko E. M., Kasimova S. G. *Motivatsionnaya gotovnost k materinstvu* [Motivational readiness for motherhood] // *Nauchno-metodicheskiy elektronnyy zhurnal «Kontsept»*. 2017. Vol. 29. pp. 308–313. <http://e-koncept.ru/2017/770868.htm>
11. Meshcheryakova S.Yu. *Psikhologicheskaya gotovnost k materinstvu* [Psychological readiness for motherhood] // *Voprosy psikhologii*. 2000. No 5.
12. Morozova I.S., Belogay K.N., Borisenko Yu.V. [et al.]. *Aprobatsiya oprosnika «Reproduktivnyye motivy»* [Approbation of the questionnaire "Reproductive motives"] // *Vestnik Kemer. gos. un-ta*. 2014. No. 3 (59), Vol. 3.

Авторлар туралы мәліметтер:

Бейсембай Камшат Жасұланқызы – хат-хабар авторы, «Тұран» университеті «Психология» жоғары мектебінің докторанты, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: kshogalova@mail.ru

Хананян Анаит Аркадьевна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті «Психология» жоғары мектебі, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: a.khananyan@turan-edu.kz

Сведения об авторах

Бейсембай Камшат Жасулановна – автор для корреспонденции, докторант Высшей школы психологии Университета «Тұран», г. Алматы, Казахстан. E-mail: kshogalova@mail.ru

Хананян Анаит Аркадьевна – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор Высшей школы психологии Университета «Тұран», г. Алматы, Казахстан. E-mail: a.khananyan@turan-edu.kz

Information about the Authors:

Kamshat Zhasulankyzy Beisembai – corresponding author, PhD doctoral student, Higher School of Psychology, Turan University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kshogalova@mail.ru

Anait Arkadyevna Khananyan – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Higher School of Psychology, Turan University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: a.khananyan@turan-edu.kz